23686854217

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2026 жылғы 11 наурыз № 5165-26-00-2/17 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Рүстемнің,
сот отырысының хатшысы С.Кендирбаевтың қатысуымен, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
«Нұрлы Ұя» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі.

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қыран-батыс мүгедектері» қоғамдық бірлестігі.
«Social inva» мүгедектер қоғамдық бірлестігі.
Жеке кәсіпкер «Стройтехника» Мусаев Еркин Мамаевич.
Жеке кәсіпкер Жумашева Жанат Жалгасовна.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі О.Жарасханова.
Үшінші тұлғалар ЖК «Стройтехника» мен Ж.Жумашева өкілі М.Сейфуллин.
Үшінші тұлға «Қыран-батыс мүгедектері» қоғамдық бірлестігі өкілі Д.Төлен.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен бірыңғай ұйымдастырушы ретінде 2025 жылғы 17 қыркүйегінде мемлекеттік сатып алулар веб-порталында №15360450-2 «Ақтөбе қаласы «Астана» ауданы әкімінің аппараты» ММ-сі сатып алу 30 357 142 теңге ашық жарияланған.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 12.03.2026
Заңды күшіне енген күні: 14.04.2026, судья Рүстем Б. М., 14.04.2026
5165-25-3-1/3916

Ашық конкурсқа «Нұрлы Ұя» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі, «Қыран-Батыс мүгедектері» қоғамдық бірлестігі, «Social Inva» мүгедектер қоғамдық бірлестігі және де өзгеде әлеуетті өнім берушілер қатысқан.

Жоғарыда аталған конкурстың біліктілік талаптарына сәйкес, суару машиналары 6 000 литр кем емес 1 дана, бульдозерлер қуатты 66-дан 96 кВт-қа дейін, салмағы 8,5-тен 14 тоннаға дейін жеңіл класты шыңжыр табанды жүрістегі копсытқыштар - 1 дана талап етілген болатын.

Жауапкер «Нұрлы Ұя» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі әлеуетті өнім беруші өтініміндегі краз 7133С4 30 марқалы мемлекеттік тіркеу нөмері 675AHR14 және бульдозер Komatsu D39 EX/PX-22 көлік құралдарына қатысты ақпараттың, атап айтқанда оны Жумашева Жанат Жалғасовнадан және Мусаев Еркин Мамаевичтен 2025 жылғы 20 тамыздағы және 2025 жылғы 25 қыркуйектегі жалға алу шарттары негізінде жалға алынғаны туралы мәлімет берген, алайда талап қоюшы конкурстық біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіні және анық емес мәлімет бергенін көрсеткен.

Өйткені, көлік құралының меншік иесі Ж.Жумашеваның және Е.Мусаевтың хаттарына сәйкес жауапкер «Нұрлы Ұя» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігіне аталған техникаларды жалға бермегенін көрсеткен.

Талап қоюшы жауапкер «Нұрлы Ұя» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігін конкурстық құжаттамаға біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынғанын негіздеп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану сұрап сотқа талап қоюмен жүгінген.

Жауапкерден талап қою арызына қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі О.Жарасханова талап қоюды қолдап, талабын қанағаттандыруды сұрады.

Сотта үшінші тұлғалар жеке кәсіпкер «Стройтехника» Мусаев Еркин Мамаевич пен жеке кәсіпкер Жумашева Жанат Жалгасовнаның өкілі М.Сейфуллин, талап қоюды қолдап, жауапкер «Нұрлы Ұя» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігіне үшінші тұлға «Стройтехника» Мусаев Еркин Мамаевич пен жеке кәсіпкер Жумашева Жанат Жалгасовна тарапынан ешқандай арнайы техникалар жалға берілмегенін, жауапкермен жалға беру шарттары жасалмағанын көрсетті.

Үшінші тұлға «Қыран-батыс мүгедектері» қоғамдық бірлестігі өкілі Д.Төлен талап қоюды қолдап, заңды шешім қабылдауды сұрады.

Сот отырысының өтетін орнымен уақыты туралы тиісті түрде хабарланғаны мен жауапкер мен үшінші тұлға «Social inva» мүгедектер қоғамдық бірлестігі сотқа келмеді, өздерінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы немесе бейне байланыс арқылы сотқа қатысу туралы өтініш берген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы 4-бөлігінің негізінде сот істі келмеген тараптардың қатысуынсыз қарады.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 12.03.2026
Заңды күшіне енген күні: 14.04.2026, судья Рустем Б. М., 14.04.2026
5165-25-3-1/3916

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі No 106-VIII ЗРК «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі-қарай Заң) 3-бабына сай анық емес ақпарат бұл біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Заңның 14-бабы 1, 2 - тармақтарына сәйкес анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтай алады.

Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің;

2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;

3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің;

4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі No 4 нормативтік қаулысының 9-тармағында конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат ұсынған кезде Заңның 14-бабы 1-тармағының негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін.

Соттар осы фактіні әлеуетті өнім берушіні біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тануға негіз болатын құжатты (құжаттарды) ұсынбаудан не тиісті түрде ресімдемей ұсынудан ажыратуы қажет.

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 12.03.2026
Заңды күшіне енген күні: 14.04.2026, судья Рустем Б. М., 14.04.2026
5165-25-3-1/3916

Әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші:
1) біліктілік талаптары бойынша;
2) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат ұсынған кезде Заңның 11-бабы 1-тармағының негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық бағаұсынысына әсер ететін құжаттарға қатысты кез келген анық емес мәліметтер өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіз болып табылады.

Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға: әлеуетті өнім берушінің ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы туралы; төленген салықтардың көрсеткіштері туралы; тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар жатады.

Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар және оларды есептеу Қағидаларда айқындалады.

Аталған норманың талаптарының мәнісін түсінуге сәйкес анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін оның біліктілік талаптары мен құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергендігі дәлелденуі қажет және осы анық емес ақпарат конкурстық баға ұсынысына әсер еткендігі дәлелденуі қажет, сонымен қатар, шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер дәлелденуі тиіс.

Талап қоюшы сотқа жауапкер жалған ақпарат бергені үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюмен жүгініп, оның негізіне өнім беруші өтініміндегі краз 7133С4 30 марқалы мемлекеттік тіркеу нөмері 675AHR14 және бульдозер Komatsu D39 EX/PX-22 көлік құралдарына қатысты ақпараттың, атап айтқанда оны Жумашева Жанат Жалғасовнадан және Мусаев Еркин Мамаевичтен 2025 жылғы 20 тамыздағы және 2025 жылғы 25 қыркүйектегі жалға алу шарттары негізінде жалға алынғаны туралы мәлімет берген.

Сот отырысында істі талқылау барысында сотта нақты анықталғандай техниканың меншік иелері үшінші тұлғалар Ж.Жумашеваның және Е.Мусаевтың хаттарына сәйкес жауапкер «Нұрлы Ұя» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігіне аталған техникаларды жалға бермегенін растап көрсеткен.

Сот отырысында жауапкердің біліктілік талаптары және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергені дәлелденді.

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 12.03.2026
Заңды күшіне енген күні: 14.04.2026, судья Рустем Б. М., 14.04.2026
5165-25-3-1/3916

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен уақытылы жүгінген, түпкілікті уақыттар өткізілмеген.

Демек, жоғарыдағылардың негізінде талап қоюшының өнім беруші «Нұрлы Ұя» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі конкурсқа қатысқанда конкурс құжаттамасына техникалық ресурстары бойынша анық емес жалған мәлімет берген деген уәжі, сотта толығымен өз дәлелін тапты.

Ал, жауапкердің өз пікірінде келтірген уәждері талапты теріске шығаруға негіз болып табылмайды.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Жауапкер конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық ақпарат берілгенін тиісті дәлелдермен растай алмады.

Жауапкердің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әрекеті Заңда көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын бұзғандықтан талапты қанағаттандыруға негіз болады.

Көрсетілгендердің негізінде, сот жауапкерді әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сай жауапкерден баж салығы мемлекет пайдасына өндірілуге жатады

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Нұрлы Ұя» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Нұрлы Ұя» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінен мемлекет кірісіне сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 12.03.2026
Заңды күшіне енген күні: 14.04.2026, судья Рүстем Б. М., 14.04.2026
5165-25-3-1/3916

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 12.03.2026

Заңды күшіне енген күні: 14.04.2026, судья Рустем Б. М., 14.04.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»